

Қосымша —  
АЭЖБУ – дың академиялық  
саясатына, АЭЖБУ Ғылыми  
кеңесінің отырысында  
бекітілген  
(03.08.2020 ж. №17 хаттама)

## ЖОҒАРЫ БІЛІМ АЛУ ПРОЦЕСІНДЕ БОСАҒАН БОС МЕМЛЕКЕТТІК БІЛІМ БЕРУ ГРАНТТАРЫН БЕРУ ТӘРТІБІ

Ақылы оқу түрінен мемлекеттік білім беру грант конкурсы негізде Бос орындар болған жағдайда Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің нормативтік талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Жоғары білім алу процесінде босаған бос білім беру гранттары оқу мамандықтары бөлінісінде осы мамандық бойынша ақылы негізде оқитын студенттерге конкурстық негізде беріледі. Конкурс Білім беру грантын беру туралы куәлік бере отырып, аралық аттестаттау нәтижелері бойынша өткізіледі.

Бос білім беру гранттарын алуға конкурс өткізу кезінде үлгерімнің орташа балынын көрсеткіштері бірдей болған жағдайда тек А, А- ("өте жақсы"), содан кейін А, А- ("өте жақсы") бастап В+, В, В- ("жақсы") дейінгі бағалары бар білім алушылар басым құқыққа ие болады.

Жоғары білім алу процесінде босаған бос білім беру гранттарын беру жазғы және қысқы каникул кезеңінде конкурстық негізде бар бос орындарға мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) ақылы негізде оқитын адам тиісті институтқа құжаттарды (ректордың атына өтініш, транскрипт, оның жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі) береді, ол білім алушының өтінішін қарайды және мақұлданған жағдайда ғылыми кеңеске жібереді.

Білім алушының университет ректорының атына білім беру гранты бойынша одан әрі оқуға ауысу туралы өтініші, институттың ұсынысы университеттің Ғылыми кеңесінің отырысында қаралады.

2) институт директоры Ғылыми кеңестің шешімі негізінде ағымдағы жылдың 5 тамызына және 15 қаңтарына дейінгі мерзімде шешім қабылдау үшін білім беру саласындағы уәкілетті органға өтініш жібереді. Білім алушының өтінішіне Ғылыми кеңестің шешімімен бірге: транскрипт, оның жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі және университеттен шығарылған білім беру гранты иегерінің куәлігі (түпнұсқасы) қоса беріледі;

3) білім беру саласындағы уәкілетті орган түскен құжаттарды түскен жылын ескере отырып, мамандықтар, оқу нысандары мен мерзімдері бөлінісінде қарайды және мәселе он шешілген жағдайда білім беру грантын беру туралы бұйрық шығарады;

4) білім беру саласындағы уәкілетті органның бұйрығы негізінде білім беру грантын беру туралы куәлік ресімделеді;

5) білім беру грантын беру туралы берілген куәліктің негізінде университет ректоры Білім беру гранты бойынша одан әрі оқуға бұйрық шығарады.

АҚ жөніндегі проректоры

АМД директоры



С. Коньшин

Р. Мухамеджанова